«Бекітемін»
Мектеп директоры
_____________Б.У.Сарин
_____ _______2023 жыл

# ЖОБА ПЛАНЕРІ

**МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ 1-11 КЛ** **БАСТАЛУЫ: қыркүйек, 2023 ж**
**ЖОБА АТЫ: «АТА-АНАЛААР МЕКТЕБІ»** **АЯҚТАЛУЫ: мамыр, 2024 ж**
**МАҚСАТЫ:**

**Дәстүрлі отбасылық құндылыктарды және отбасылық өмір салтын нығайту, отбасылык карым-катынас пен отбасылык тәрбиені рухани- адамгершілік дәстүрлерді жанғырту және сактау, толык отбасының, жауапты ата-ананың маныздылығын түсіну.**

**БАЯНДАУ**

1) өз Отанына деген мақтаныш сезімін, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;

2) қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын, оны одан әрі байытуын сақтау және дамыту;

3) халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын түсіну негізінде білім алушыларды толеранттылыққа тәрбиелеу;

4) қазақ халқы мәдени дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау.

**МАҢЫЗДЫ:**

***Жобаны жүзеге асыру үшін білім алушыларға :***
- Отбасылык құндылыктарды сактау, кыз тәрбиесіне деген жауапкершілікті арттыру, ата-аналардын жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу:
- Тәрбие процесін ұйымдастыруда және баскаруда мектепке комек көрсету
-Отбасылык тәрбиенің жаксы жактарын насихаттау
-Өскелең ұрпакты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың кауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру

| Класы | Мерзімі | Іс-шара атауы |
|---|---|---|
| 1-4 класс | қыркүйек-қазан | «Менің жанұям – менің мақтанышым» көрме |
| | қаңтар-ақпан | «Әке –асқар тау»(2 сынып), «САБЫРЛЫЛЫҚ- АСЫЛ ҚАСИЕТ» «Бәрі де,Ана,бір өзіңнен басталады. (4С) |
| | сәуір-мамыр | «Тиімді әрі пайдалы тамактану негізі»(3с) «Ұлттык киім-ұрпакка мұра»(4) |
| 5-8 класс | қыркүйек-қазан | «Отбасындағы құқықтық тәрбие» |
| | караша-желтоқсан | «Менің әкем-жақсы адам»(7) |
| | наурыз-сәуір | «Ұмыт болған ұлттық тағамдар»(7) |
| 9-11 класс | қыркүйек-қазан | «Әйел - ана әйел – батыр» кездесу |
| | қаңтар-ақпан | «Қыз намысы-ұлт намысы»(10) |
| | сәуір-мамыр | «Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы»(10,11) |

*КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:* **«АТА-АНАЛААР МЕКТЕБІ» жобасы** аясында **елін сүйген, елі сүйген мемлекетіміздің келешек иесі бүгінгі ұрпакты саналы, білімді, ұлтжанды, жан-жақты дамыған тұлға ретінде калыптастырудағы манызы зор.**

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ «№36 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГОРОД АКТОБЕ КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №36» ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКТОБЕ »

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

«22» 09 2023 жылғы «22» 09 2023 года

**№356а**

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жобаларының жұмысын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспарды орындау мақсатында

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:**

1. 2023 - 2024 оқу жылында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасына жауапты тарих пәні мұғалімдері бекітілсін.
2. 2023 - 2024 оқу жылында «Еңбегі адал –жас өрен» жобасына жауапты 3-4 сынып жетекшілері бекітілсін.
3. 2023 - 2024 оқу жылында «Ұлттық мектеп лигасы» жобасына жауапты дене шынықтыру пәні мұғалімдері бекітілсін.
4. 2023 - 2024 оқу жылында «Өр талапты,озық ойлы ұлан» жобасына жауапты кітапханашы Г.Айтжанова бекітілсін.
5. «Балалар және театр» жобасының жетекшісіне Ш.Әбдібаева қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі бекітілсін.
6. «Ұшқыр –ой алаңы» жобасының жетекшісіне Б.Әмірханқызы тарих пәнінің мұғалімі бекітілсін.
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасының жетекшісіне информатика пәнінің мұғалімдері бекітілсін.
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер» және «9 ай - 9 іс –шара» жобаларын әр пән мұғалімдері бекітілсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Б.У.Сарин**

«№36 қазақ орта мектебі»КММ

**Бекітемін:**
**Мектеп директоры: ________ Б.У.Сарин**
**«05» 09 2022 жыл**

# Аналар кеңесі қызметінің жұмыс жоспары

**2022-2023 оқу жылы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мектеп аналары<br>Класс жетекшілері | | Мектеп сайты |
| 5 | «Репродуктивті денсаулық» Ерте жүктіліктің алдын алу<br>«Ана үйі», «Анаға тағзым» орталықтарына мектептің қыз балаларын алып бару. | Қаңтар | Ж.Алиева,<br>Ш.Жакипова<br>Мектеп аналары | Ашық әңгіме | анықтама |
| 6 | «Мейірімді болуды үйренейік!» қайырымды іс-шаралар, сынып сағаттары. | Қаңтар-ақпан | А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Мектеп аналары<br>Сынып жетекшілері | Сынып сағаттарына қатыстыру, қайырымдылық іс-шаралар | Инстаграм парақшасы<br>Мектеп сайты |
| 7 | Әжелердің, аналардың, жеңгелердің және қыз балалардың қатысуымен өтетін «Наурыз-Думан» атты шебер-кластар.<br>«Жер бетінде ең сұлу АДАМ, бұл менің АНАМ» атты оқушылардың шығармашылық жұмыстары.<br>Концерттік бағдарламалары. | Наурыз | А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Мектеп белсенділері<br>Аналар кеңесі<br>Сынып жетекшілері | Дефеле-көрсетілім, шығармашылық жұмыстары, концерттік бағдарламалары. | Инстаграм парақшасы<br>Мектеп сайты |
| 8 | «Гүл-әдемілік символы» атты гүл өсіру, баптау, күту жұмыстары. | Сәуір | А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Мектеп аналары<br>Класс жетекшілері<br>Мектеп белсенділері | Іс-шаралар | Анықтамалар |
| 9 | Әңгімелесулер: «Менің мәдениетім»; «Қыздар-аналар»; «Менің өмірлік ұстанымым»; «Мен сенім артқан адам»; «Менің отбасым-менің қуанышым»<br>«Инабат» қыз балаларымен бірге өтетін іс-шара. | Мамыр | Р.М.Салекина<br>А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Мектеп аналары<br>«Инабат» клубы | Іс-шаралар | Анықтамалар |
| 10 | Жылдық қорытынды. | Мамыр | Р.М.Салекина<br>А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Мектеп аналары | | Талдау жұмысы |

# Аналар кеңесі қызметінің жұмыс жоспары

- *Аналар кеңесі мектептің ата-аналар жиналысының бөлімі болып табылады.*
- *Аналар кеңесі жұмысы мектептің бір жылдық жұмыс жоспарына негізделеді.*

**МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**Аналар кеңесі қызметінің мақсаты:**

- Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.
- Аналар кеңесі отбасылық жақсы тәрбиенің тәжірибесін насихаттайды, аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру.
- Аналар кеңесі жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.
- Аналар кеңесі балалардың қоғамдық өміріне деген биімділігін жүзеге асырып оған әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді,бос уақытты ұйымдастыруға ат салысады және тәртібі нашар оқушылармен жұмысты ұйымдастырады.
- Аналар кеңесі мектеп кеңесімен профилактикалық кеңеске қатысады.

**Аналар кеңесінің міндеттері:**

- Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету.
- Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау.
- Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

| р\с | Атқарылатын шаралар | Мерзімі | Жауапты | Өткізу формасы | Нәтижелерінің талдауы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұйымдастыру жиналыс.<br>Аналар кеңесін ұйымдастыру жұмыстары.<br>Мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.<br>«Инабат» клубының аналар кеңесінің төрайымдары қатысуымен қыз балалар жиналысы.<br>Құқық бұзушылықтың алдын алу.<br>«Дәстүрді дәріптеген асыл жандар» | Қыркүйек | Р.М.Салекина<br>А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина | Жиналыс | Анықтама |
| 2 | Аз қамтылған оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастыру. | Қазан | Аналар кеңесі | Жиналыс | Анықтама |
| 3 | Аналардың қыз балаларымен бірге бос уақытты тиімді ұйымдастыру.<br>«Өнер әлемі» атты аналары мен қыз балалардың бірігіп жасаған шығармашылық жұмыстардың эстафетасы. | Қараша | А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Мектеп аналар кеңесі | 8-11 сынып | Инстаграм парақшасы<br>Мектеп сайты |
| 4 | «Жаңа жылдық кейіпкердің киім үлгісін жасау» шығармашылық жұмыс (аналар, қыз балалар). | Желтоқсан | А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина | 1-5 сынып оқушылары | Инстаграм парақшасы |

«№36 қазақ орта мектебі»КММ

# “Даналық мектебі” клубының жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

**Бекітемін:**
**Мектеп директоры: ________ Б.У.Сарин**
01.09.24ж

## “Даналық мектебі” клубының жұмыс жоспары

- «Даналық мектебі» клубы мектептің ата-аналар жиналысының бөлімі болып табылады.
- «Даналық мектебі» клубының жұмысы мектептің бір жылдық жұмыс жоспарына негізделеді.

**МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**Мақсаты:**

- Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту

**Міндеттері:**

- балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру;

| № | Іс-шара атауы | Мерзімі | Жауапты | Өткізу формасы | Нәтижелерінің талдауы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұйымдастыру жиналыс.<br>Мектепте келесі бағыттармен «Даналық мектебі » клубын құру:<br>- « Аталар мектебі »;<br>- « Әжелер мектебі »;<br>- « Аға мектебі »;<br>- « Жеңгелер мектебі »;<br>«Даналық мектебі» клубының ұйымдастыру жұмыстары.<br>Мақсаты мен міндеттерімен таныстыру. | Қыркүйек | Р.М.Салекина<br>А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Г.А. Шаштығарина | Жалпы мектеп жиналысы | Анықтама |
| 2 | «Даналық мектебі» клубының төрайымдарының қатысуымен қыз балалар жиналысын өткізу. Ерте жүктіліктің алдын алу. Дәрігерлермен кездесу | Қазан | «Даналық мектебі »<br>Мектеп медбикесі: Н.Б. Дүйсенбаева | Жиналыс<br>8-11 сынып | Анықтама |
| 3 | «Репродуктивті денсаулық» Ерте жүктіліктің алдын алу «Ана үйі», «Бақытты отбасы» орталықтарына мектептің қыз балаларын алып бару. | Қараша | А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Даналық мектебі | 8-11 сынып | Инстаграм парақшсы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | «Аға мектебі» - Ағама деген ақ тілек, бейне жазба<br>«Аталар мектебі» - «Аталар мұрасы- халық қазынасы» | Желтоқсан | А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Даналық мектебі<br>Әкелер клубы<br>Сынып жетекшілері | 5-7 сынып<br>1-4 сынып оқушылары | Инстаграм парақшасы<br>Мектеп сайты |
| 5 | «Репродуктивті денсаулық» Ерте жүктіліктің алдын алу<br>«Ана үйі», «Бақытты отбасы» орталықтарынан мамандар шақыру. (Әбілдаева Бибігүл Әбдішүкірқызы) | Қаңтар | Ж.Алиева,<br>М.Т.Тажигулова<br>Даналық мектебі | Ашық әңгіме | анықтама |
| 6 | «Мейірімді болуды үйренейік!» қайырымды іс-шаралар, сынып сағаттары. | Қаңтар-ақпан | А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Даналық мектебі<br>Сынып жетекшілері | Сынып сағаттарына қатыстыру, қайырымдылық іс-шаралар | Инстаграм парақшасы<br>Мектеп сайты |
| 7 | «Наурыз-Думан» атты әжелер мектебінің шебер класы<br>«Жеңге мектебі»<br>-«Ақыл айтпа, жол көрсет» | Наурыз | А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Даналық мектебі<br>Мектеп белсенділері<br>Сынып жетекшілері | Шығармашылық жұмыстары, концерттік бағдарламалары.<br>1-11сыныптар | Инстаграм парақшасы<br>Мектеп сайты |
| 8 | «Жеңге мектебі»<br>-«Қыз – қылығымен көркем»<br>«Гүл-әдемілік символы» атты гүл өсіру, баптау, күту жұмыстары. (мектеп ауласын көріктендіру). | Сәуір | А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина\<br>Даналық мектебі<br>Сынып жетекшілері<br>Мектеп белсенділері | Мектептік іс-шара | Анықтамалар |
| 9 | «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» мерекелік шарасын өткізу;<br>«Аталарға – тағзым!» мерекелік шара өткізу | Мамыр | Р.М.Салекина<br>А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Даналық мектебі | Мектептік іс-шара (шеберлер қалашығы, шығармашылық және қолөнер көрмесі) | Анықтамалар |
| 10 | Жылдық қорытынды. | Мамыр | Р.М.Салекина<br>А.А.Дошниязова<br>А.Қ.Байтурина<br>Г.А.Шаштыгарина | | Талдау жұмысы |

**«Даналық мектебі» клубының жетекшісі:** **Г.А.Шаштыгарина**

# Аналар кеңесінің мүшелері

| Р/С | Аналар кеңес мүшелерінің аты-жөні | Байланыс нөмірі |
|---|---|---|
| 1 | Салекина Рауза Мукановна | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 87017931165 |
| 2 | Дошниязова Акмарал Алдангаровна | Аналар кеңесінің төрайымы 87025050734 |
| 3 | Байтурина Айнаш Куттыбаевна | Инабат қыздар клубының төрайымы 87054733126 |
| 4 | Елтезерова Гаухар Суйндиковна | Қамқоршылық кеңес төрайымы 87013471998 |
| 5 | Демекбаева Гүлназ Демекбайқызы | Қамқоршылық кеңес мүшесі 87014724570 |
| 6 | Амантурлина Асият | 87022581935 |
| 7 | Жармуханова Эльвира | 87055370136 |
| 8 | Касимова Гульнур | 87770766444 |
| 9 | Кужакова Ләззат | 87016372606 |
| 10 | Нуржанова Умсынай | 87715185204 |
| 11 | Оразалина Гүлбағда | 87756640761 |
| 12 | Саркулова Разия | 87056862999 |
| 13 | Тажибаева Айнур | 87081164805 |
| 14 | Темирова Нургул | 87711874757 |
| | | |

«№36 қазақ орта мектебі» КММ

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, облыстық білім басқармасының №2\4423,қалалық білім бөлімінің 2023 жылғы 10 қазандағы №03-03\2181хатын басшылыққа ала отырып,

**БҰЙЫРАМЫН:**

023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.

өмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:

рталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;

иректордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына:

та-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;

рталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.

рталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.

иректордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына:

рталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;

ектеп кітапханашысына: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.

023-2024 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.

рталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.

рталық қызметін мектепішілік бақылауға алу, мектепішілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының тәрбие ісі жөнінегі орынбасары Р.М.Салекинаға жүктелсін.

рталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылсын.

. Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Н.С.Бокаеваға жүктелсін.

. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.

. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.

. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.

. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

*Қосымша 1 парақ:*

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен және шығармашыл педагогтер арасынан Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобының құрамы

**Мектеп директоры: Б.У.Сарин**

Таныстырылды:

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**
**АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ**
**«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ «№36 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ**
**ГОРОД АКТОБЕ КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №36» ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКТОБЕ »**

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

**«11» 10 2023 жылғы** **№380а** **«11» 10 2023 года**

**«Ата –аналар мектебі» жобасының жұмысын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспарды орындау мақсатында

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:**

1. 2023 - 2024 оқу жылында «Ата-аналар мектебі» жобасының жұмысы жалғастырылсын, жұмыс жоспары бекітілсін.

2. «Даналық мектебі» жобасының жетекшісіне Г.А.Шаштыгарина - бастауыш пәнінің мұғалімі тағайындалсын.

3.«Аналар кеңесі» жобасы жетекшісіне А.А.Дошниязова – Жаһандық құзыреттілік пәнінің мұғалімі тағайындалсын.

4.«Әкелер кеңесі» жобасының жетекшісіне М.Ж.Кожахметов – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тағайындалсын.

5. «Инабат» қыз балалар клубының жетекшісіне А.Қ.Байтурина –қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі тағайындалсын.

6. «Намыс» ер балалар клубының жетекшісіне С.Ж.Жексенов –география пәнінің мұғалімі тағайындалсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Б.У.Сарин**

Таныстым: М.Кожахметов
А.Дошниязова
Г.Шаштыгарина
А.Байтурина
С.Жексенов

| АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ<br>АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ<br>«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ «№36 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ<br>ГОРОД АКТОБЕ КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №36» ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКТОБЕ » |
|---|---|
| **БҰЙРЫҚ** | **ПРИКАЗ** |

**«11» 10 2023 жыл** **№ 380** **«11» 10 2023 жыл**

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын құру**

**Ақтөбе облысының білім басқармасының №2\4423 хатының негізінде, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2023жылғы 10 қазандағы №03-03\2181 шығыс хатын орындау мақсатында**

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:**

1. Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің тапсырмасымен 2023-2024 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жалпы білім беретін мектептерде ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» құрылсын.
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарына» жауапты А.А.Дошниязова бекітілсін.
3. «Даналық мектебі» жетекшісі Г.Шаштыгарина бекітілсін.

**Төмендегі құрамда сарапшылар комиссиясы құрылсын:**

Б.Сарин – мектеп директоры, комиссия төрағасы
Мүшелері: М.Кожахметов- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
А.Дошниязова- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жетекшісі;
Ж.Алиева- мектеп психологы;
М. Тажигулова – мектеп психологы;
Г.Жақсығалиева-әлеуметтік педагог;
Г.Шаштыгарина- «Даналық мектебі» жетекшісі.

4.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп директоры** **Б.Сарин**

Таныстым:

М.Кожахметов
А.Дошниязова
Ж.Алиева
М. Тажигулова
Г.Жақсығалиева
Г.Шаштыгарина

**«№36 қазақ орта мектебі»**

**«Жеңгесі жақсы қандай-ды...»**

**Жеңгелермен шеберлік сағаты**

**6-сыныптар**



**2023-2024 оқу жылы**

**Анықтама**

**15.02.2024 ж 6-сыныптар арасында «Ұрпақ болашағы тәрбие мен білімде»** сынып жетекшілердін онкүндігі аясында **«Жеңгесі жақсы қандай – ды...»** жеңгелердің шебер класы өтті.

**Мақсаты**: Халқымыздың бойына ғасырлап сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі - өнеге алуға, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу және жеңге мен қайынсіңлі арасындағы қарым - қатынасты нығайту.

Шебер класс барысында

1. Таныстыру рәсімі;
2. Сұрақ-жауап айдары.
    - Келін боп түскендегі басыңыздан өткен қызық оқиғаны айтып берсеңіз.
    - Алғаш келін боп түскенде сол әулетке таң қалған кезіңіз болды ма?
    - Енеңізден естігіңіз кеп тұратын бір сөз...
    - Отбасында қандай дәстүрді ұстанасыздар?
    - Қайын іні мен қайын сіңлілеріңізді қалай атайсыздар?
3. Шебер класс

Шебер класта Вафли пісірді, тіскебасар жасалды, көрпе тігу, құрақ құрау, моншақты таспен сөмке жасау, жүнмен жұмыс, ұршық иіру сияқты өз қолдарынан келетін дүниелерді қыздарға көрсете отырып, жасады. Іс-шараны 6-сынып оқушылары әнмен, күймен, бимен безендірді. Іс-шара соңында жеңгелер Алғыс хатпен марапатталды.










***Сіздер өз қайын інілеріңіз бен қайын сіңлілеріңізді қалай атайсыздар? Ерекше ат қойған қайынінілер мен қайын сіңлілеріңіз бар ма?***

Керемет, керемет, өте тамаша!!!

**Ендеше ортаға домбырашы оқушыларымызды «Қазақ осы» әнімен шақырайық!**

Жеңгем менің, асылым, лағыл әнім,
Кең кеудеме гүл болып тағыламын,
Жұлдызындай көгінде жағыламын.
Алыс кетсем аңсаймын, сағынамын

Қаймағы бұзылмаған қазақ дәстүрінде жеңге мен қайынсіңлі, қайны арасында ерекше қарым-қатынас орнаған. Олардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі, ықыласы, сыйластығын сөзбен жеткізу қиын. Жақсы жеңгелердің кей жағдайда қайныларының шаңырақ құруына да септігі тиіп жатқан. Бұл үшін ол өз ауылынан немесе бірге оқыған құрбыларының арасынан мінезге бай, көргенді, инабатты қыздар іздеп, қайнысымен таныстырып жіберетін. Сол арқылы екі жақсының басын қосып, адам алдында да, Құдай алдында да сауапқа кенеледі.

Енді аздап пікір алмасып отырайық! Сіздерге мынадай сұрақтар қояйын, Ашық, еркін, толық аита отырсаңыздар.

- **Келін боп түскендегі басыңыздан өткен қызық оқиғаны айтып берсеңіз.**
- **Алғаш келін боп түскенде сол әулетке таң қалған кезіңіз болды ма?**
- **Енеңізден естігіңіз кеп тұратын бір сөз...**
- **Отбасында қандай дәстүрді ұстанасыздар?**

Бойжеткенге жеңге ие болуы тиіс. Қыз бен жеңге арасындағы бүкпесіз сырласу бойжеткеннің өміріне елеулі өзгерістер әкеледі. Осылай ақ пен қараны, жақсы мен жаманды біліп өскен бойжеткен қателікке оңайшылықпен бой алдырмайды. Осы орайда **қайынсіңлілеріңіздің сізден кеңес сұраған кездері болды ма?** Мысалы, сыйлық алуда, немесе киінген кезде, болмаса біреуге ренжіген кезде т.б жағдайда

**Енді сөз кезегі қыздарға. Менің жеңгем қандай?**
*Төменде берілген сөз тіркестерін көзді байлап, жеңгеңізге лайықтысын трубочкамен сорып таңдап алыңыздар.*

**Қатал, кеңесші, ақылды, білімді, көңілді, қуанта алады, сыйлық алуды ұнатады, [illegible] көмек сұрайды, жұмсай береді, аққөңіл, адал, сөйлемейді, аузы жабылмайды, көп күледі, орнымен күледі, мүлде күлмейді, робот сияқты-шаршамайды, жүгіре жөнеледі, қозғалып болмайды, орысша сөйлейді, мақалдап сөйлейді, көпшіл, қонақ шақыруды ұнатпайды, аяқ астынан қонақ шақырады, тазалықты сүйеді, еріншектеу, ол да бір үйдің ерке қызы, ол-жұлдыз, бәріне үлгереді, сыр сақтайды, ашуланғанда ақтара салады, көп ұйықтайды, кеш тұрады, жеңге-ол алтын.**

**«Жеңгесі жақсы қандай-ды»** жеңгелердің шебер класы

Мерзімі: **15.02.2024ж**

**Мақсаты**: Халқымыздың бойына ғасырлап сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі - өнеге алуға, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу және жеңге мен қайынсіңлі арасындағы қарым - қатынасты нығайту.

Барысы:

- Фанфар
- Жеңгелерді ортаға шақыру

**Қазақ биі**

Қайырлы күн, қонақтар, ата-аналар мен оқушылар, ұстаздар! «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші шаңырақта дұрыс тәрбие көрмеген сәби ертеңгі күні сол тамырсыз тәрбиені өз отбасында қайталайды. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ақылшы әже, әулеттің ұйытқысы.
Қазақ дәстүрінде жеңгенің орны ерекше. Жақсы жеңге шешенің орнын жоқтатпайды. Босаға аттаған келін қайын жұртын бақытты қыламын, шаңырақты шаттыққа бөлеймін деп келеді. Бұл мақсатына жету үшін ол қайнылары мен қайынсіңлілерімен тез тіл табысып, етене араласып кетуі тиіс. Қайынсіңлілері сырласындай, қайнылары құрдасындай болып кеткен жаны жайдары жеңгелеріміз арамызда аз емес. Қашанда қыз баласы жеңгесіне жақын. Ертелі-кеш жанында жүретін қайынсіңлісіне жеңгенің үйретері көп. Оның үстіне қыздың анасы да «жеңгеңнен үйрен, жанында жүріп жәрдемдес» деп айтып отырса, олардың арасы бұрынғыдан да жақындай түседі.

***Олай болса, ортаға жеңгелерді шақырайық!***

Қазақ келіндері қайныларының, қайынсіңлілерінің аттарын ешқашан атамаған. Ауылдың үлкендерінен бастап, еңбектеген сәбиіне дейін ат қойған. Себебі, үлкен кісінің есімін атау әу бастан-ақ әдепсіздіктің белгісі болып саналған. Ұлтымыздың салт-дәстүрінде жаңа түскен келін отбасы мүшелері мен жақын туыстарға, көршілерге дейін жанама ат қояды. Мұны қазақта «ат тергеу» дейді. Мәселен, мінезі тіктеу қайынсіңілісін «жуасым», жайбасар қайнысын «жүйрігім» деп атайтын жеңгелер де бар. Сондай-ақ, «Еркежан», «Бикеш», «Мырзам», «Сырғалым» дегендей еркелетіп те атай береді. Келін сонысымен отбасыға қадірлі болады.

Алдымен өздеріңізді таныстырып өтсеңіздер. (тегіңіз, қай әулетке келін болдыңыз, неше жыл келіндік қызметтесіз, неше қайынсіңлі мен қайын ініңіз бар? Негізгі қызметіңіз кім?)

***Сіздер өз қайын інілеріңіз бен қайын сіңлілеріңізді қалай атайсыздар?***

Жеңгем менің, асылым, лағыл әнім,
Кең кеудеме гүл болып тағыламын,
Жұлдызыңдай көгінде жағыламын.
Алыс кетсем аңсаймын, сағынамын

Қаймағы бұзылмаған қазақ дәстүрінде жеңге мен қайынсіңлі, қайны арасында ерекше қарым-қатынас орнаған. Олардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі, ықыласы, сыйластығын сөзбен жеткізу қиын. Жақсы жеңгелердің кей жағдайда қайныларының шаңырақ құруына да септігі тиіп жатқан. Бұл үшін ол өз ауылынан немесе бірге оқыған құрбыларының

арасынан мінезге бай, көргенді, инабатты қыздар іздеп, қайнысымен таныстырып жіберетін. Сол арқылы екі жақсының басын қосып, адам алдында да, Құдай алдында да сауапқа кенеледі.

***Келін  боп түскендегі басыңыздан өткен қызық оқиғаны айтып берсеңіз.***

Жеңгесі жақсы қандайды
Шаршап бір келсең жұмыстан
Төсегін қалың салғайды!
Келіп тұрса ашуың
Айналайын Мырзаш деп
Басыңнан сипап алдайды!

***Енді кезекті жеңгелердің шебер класына берейік!***
***Әр жеңге өзінің қолынан келетін істі отырған қонақтарға көрсетіп тұрып жасайды.***

Бойжеткенге жеңге ие болуы тиіс. Қыз бен жеңге арасындағы бүкпесіз сырласу бойжеткеннің өміріне елеулі өзгерістер әкеледі. Осылай ақ пен қараны, жақсы мен жаманды біліп өскен бойжеткен қателікке оңайшылықпен бой алдырмайды.

Иә, қазақы отбасында жеңгелерге тең келер кім бар, шіркін!? Жақсы жеңгелер көп болса, шаңырақтар шайқалмас па еді деп те ойлап қоясың...

***Алғаш келін боп түскенде сол әулетке таң қалған кезіңіз болды ма?***

***Отбасында қандай дәстүрді ұстанасыздар?***

***Енді сөз кезегі  қыздарға. Жеңгеңнің ең қатты ұнайтын қасиеті қандай?***

***Қыз бала – бойжеткен, келін, ана,***
***Бәрі де дер кезінде дара тұлға.***
***Ұрпағыңның ойласаң болашағын,***
***Қызды сыйла, жамағат, қызды сыйла!***

**Жеңгеңнің ең қатты ұнайтын қасиеті мен асы қандай?**

Жеңгесі жақсы қандайды
Шаршап бір келсең жұмыстан
Төсегін қалың салғайды!
Келіп тұрса ашуың
Айналайын Мырзаш деп
Басыңнан сипап алдайды!

***Енді кезекті жеңгелердің шебер класына берейік!***

**Олар дайындалғанша әнге кезек берейік!**

**Кезек сіздерде.** *(Әр жеңге өзінің қолынан келетін істі отырған қонақтарға көрсетіп тұрып жасайды)*

Өте тамаша, иә қазақтың отбасында жеңгелерге тең келер кім бар, шіркін!?
Бүгінгі шебер класымызды **«Қамажай»** биімен жалғастырайық!
**Ортаға 6-сынып биші қыздарын шақырамыз.**

Енді сіздерге алдын-ала дайындап қойған заттар тізбесін ұсынайық! Осы заттардан [illegible] қайынсіңлілермен бірігіп, бір дүние жасап шығарасыздар!

«Жақсы жеңгең – жарты анаң», «Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді», «Қалмады баста тарақ, белде белбеу, жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай» деп әнге қосылған, қайынсіңлісінің сырласы да, мұңдасы да, ақыл айтар кеңесшісі де, қадірлес болған жеңгенің ізін басып келе жатқан қайынсіңлісіне берері көп.

«Мен сол шаңыраққа түскенімде Тәттігүлім тұлымшағы желбіреген титтей қыз еді. Бақтық-қақтық, қатарынан кем қылмай өсірдік. Тәттігүлім кино-синоға кете қалса, қашан келгенше ішкен асым бойыма тарамайтын. Сөйтіп әлпештеп отырған қайын сіңлімді ат жоқ, жөн жоқ қанжығаға бөктеріп, алып қашуды білесің ә? Бұ не, жетім тоқтыдай бөктеріп жүре беретін далада жатқан су тегін қыз бар ма еді?» деп айтатын [illegible] күнге жететіндей Алла сіздерге қуат берсін! Уақыт өте қымбат шақта, қайынсіңлілерге арнап алтын уақыт бөле алғандарыңыз үшін өте қатты ризамыз!

Қыз бала – бойжеткен, келін, ана,
Бәрі де дер кезінде дара тұлға.
Ұрпағыңның ойласаң болашағын,
Қызды сыйла, жамағат, қызды сыйла! Иа, бүгінгі жеңгелер мен қайынсіңлілерге арналған шебер класс өз мәресіне жетті.
Марапатымызды ұсынайық!

**«Жеңгесі жақсы қандай-ды»** жеңгелердің шебер класы

Мерзімі: **15.02.2024ж**

**Мақсаты**: Халқымыздың бойына ғасырлап сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі - өнеге алуға, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу және жеңге мен қайынсіңлі арасындағы қарым - қатынасты нығайту.

**БАРЫСЫ:**

- Фанфар

__Адай күйі.__ Орындайтындар 6-сынып оқушылары.

Қайырлы күн, қонақтар, ата-аналар мен оқушылар, ұстаздар! **«Ұрпақ болашағы тәрбие мен білімде»** сынып жетекшілердің онкүндігі аясында ұйымдастырылып отырған **«Жеңгесі жақсы қандай – ды...»** жеңгелердің шебер класына қош келдіңіздер!!! «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші шаңырақта дұрыс тәрбие көрмеген сәби ертеңгі күні сол тамырсыз тәрбиені өз отбасында қайталайды. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ақылшы әже, әулеттің ұйытқысы. Қазақ дәстүрінде жеңгенің орны ерекше. Жақсы жеңге шешенің орнын жоқтатпайды. Босаға аттаған келін қайын жұртын бақытты қыламын, шаңырақты шаттыққа бөлеймін деп келеді. Бұл мақсатына жету үшін ол қайнылары мен қайынсіңлілерімен тез тіл табысып, етене араласып кетуі тиіс. Қайынсіңлілері сырласындай, қайнылары құрдасындай болып кеткен жаны жайдары жеңгелеріміз арамызда аз емес. Қашанда қыз баласы жеңгесіне жақын. [illegible] жанында жүретін қайынсіңлісіне жеңгенің үйретері көп. Оның үстіне қыздың анасы да «жеңгеңнен үйрен, жанында жүріп жәрдемдес» деп айтып отырса, олардың арасы бұрынғыдан да жақындай түседі.

***Олай болса, ортаға жеңгелерді шақырайық! (***Жеңгелер мен қайынсіңлілері ортаға орналасады)

Қазақта текті жердің қызын ал, немесе анасын көріп қызын ал, ыдысын көріп асын іш деген мақалдар бар. __**Өздеріңізді таныстыра отырсаңыздар.**__ (тегіңіз, қай әулетке келін болдыңыз, неше жыл келіндік қызметтесіз, неше қайынсіңлі мен қайын ініңіз бар? Негізгі қызметіңіз кім? дегендей)

Қазақ келіндері қайныларының, қайынсіңлілерінің аттарын ешқашан атамаған. Ауылдың үлкендерінен бастап, еңбектеген сәбиіне дейін ат қойған. Себебі, үлкен кісінің есімін атау әу бастан-ақ әдепсіздіктің белгісі болып саналған. Ұлтымыздың салт-дәстүрінде жаңа түскен келін отбасы мүшелері мен жақын туыстарға, көршілерге дейін жанама ат қояды. Мұны қазақта «ат тергеу» дейді. Мәселен, мінезі тіктеу қайынсіңілісін «жуасым», жайбасар қайнысын «жүйрігім» деп атайтын жеңгелер де бар. Сондай-ақ, «Еркежан», «Бикеш», «Мырзам», «Сырғалым», «Ерке бала», «Сұлу жігіт», «Мырза жігіт», «Ерке қыз», «Ажарлым», «Аппақ қыз», «Сырғалым», «Сұлуым» «Молда бала» дегендей еркелетіп те атай береді. Келін соңысымен отбасыға қалыпты болады [illegible]

**Анықтама**

**Тақырыбы**: «Аталар мұрасы – халық қазынасы» аталар мен немерелер арасындағы іс-шара
**Өткізілу мерзімі мен уақыты:** 15.02.2024ж
**Қатысқандар:** 2 сынып оқушылары мен аталары, әкелері және сынып жетекшілер
**Мақсаты:** Жас ұрпақты ата баба дәстүрімен тәрбиелеу. Халқымыздың ғасырлар бойы сақтап келген салт –дәстүрлерін , отбасындағы тәрбие құндылықтарын кейіңгі жастарға үйрету. Баланы кішіпейілділікке , қарт адамдарды құрметтеуге үйрету.

« Аталар мұрасы – халық қазынасы » атты аталар мен немерелер арасында ашық сыныптан тыс шара өткізілді. Негізгі аталмыш іс-шара концерттік бағдарламаларды қамтыған сыныптан тыс шара түрінде өткізілді.
Сыныптан тыс шара бағдарламасы 4 бөлімнен құралды:

1–бөлім : Аталарға арналған концерттік бағдарлама (5-7 мин)
2–бөлім : Салт-дәстүрлерді түсіндіру , жасырынған тыйым сөздерді табу (5-7 мин)
3–бөлім : «Әке мен бала » көрінісін көрсету (5-7 мин)
4–бөлім : «Ханталапай » ұлттық ойынын ойнауды үйрету (5-7 мин)

***Қатысушылар :***

| № | Аты-жөні | Сынып жетекшісі |
|---|---|---|
| **1** | 2 «А» сыныбының атасы: Карибаев Амантай | Каирова Г.Б |
| **2** | 2 «Ә» сыныбының әкесі: Куземваев Нурлыжан | Үмбетова Р.Р |
| **3** | 2 «Б» сыныбының атасы: Ақмырзаев Байсалбай | Шаштыгарина Г. А |
| **4** | 2 «Б» сыныбының әкесі:Уразов Нұрлыбек | Шаштыгарина Г. А |
| **5** | 2 «Д » сыныбының атасы: Дүйсембиев Алтынбек | Мұхамбетжанова Н.Ө |
| **6** | 2 «В» сыныбының анасы : Ихсатова Диана | Құрмансейтова А.С |
| **7** | 2 «Г» сыныбының анасы : Бахчанова Гульзара | Ержигитова Н.А |

Сыныптан тыс шарада аталарымыз бен әкелеріміз халқымыздың ғасырлар бойы сақтап келген салт-дәстүрлерін , отбасындағы тәрбие құндылықтарын кейіңгі жастарға үйрете білді. Жоғарыда айтылған бөлімдер бойынша аталар да , әкелер де оқушылар да жоғарғы деңгейде өнерлерін көрсетті. Сыныптан тыс шара көрермендер тарапынан да, келген қонақтар тарапынан да жоғары дәрежеде бағаланды.













**Мектеп директоры: Б.У.Сарин**

*Анықтама*

**Тақырыбы: «Ағама деген ақ тілек» аға мен қарындас сайысы**
**Өткізілу мерзімі мен уақыты:** 14.12.2023ж
**Қатысқандар:** 4-сынып оқушылары мен ағалары, сынып жетекшілер.
**Мақсаты:** Аға тәрбиесін үлгі ету. Ағалардың айтқан ақыл кеңестерінен үлгі алып, олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Ағалар өнегесінің ерекшелігін ашу. Аға мен қарындас арасындағы дұрыс қарым-қатынасты үйрету.

«Ағама деген ақ тілек» аға мен қарындас сайысы өткізілген болатын, негізгі аталмыш мерекелік іс-шара концерттік бағдарламаларды қамтыған сайыс түрінде өткізілді. Сайыс бағдарламасы 4 бөлімнен құралды:

**1-бөлім:** **«Пирамида»** ойыны. Шарды лақтыра отырып, стакандардан пирамида құрастырады (5-7 мин)

**2-бөлім:** **«Ұтымды жауап»** Қағаз таңдау арқылы ішіндегі тапсырмаларды орындайды (5-7 мин)

**3-бөлім :** **«Өз ағаңды тап!»** ойыны. Қыздардың көздерін байлап, ағаларын табады (5-7 мин)

**4-бөлім:** **Мақал құрастыру** ( Суреттерден ата-аналар туралы мақал құрастырады) (5-7 мин)

**Қатысушылар:**

| Р/с | Аты-жөні | Сынып жетекшісі |
|---|---|---|
| 1 | 4 «В» сынып оқушысы: Утянова Алина, ағасы: Жумарт Амангельдиевич | Избасарова А.К |
| 2 | 4 «Д» сынып оқушысы: Аидынгалиева Айару, ағасы: Әділжан Асылбекұлы | Жоламан А.А |
| 3 | 4 «Б» сынып оқушысы: Амангелді Айару, ағасы : Серік Амангельдиевич | Казтаева Ж.Т |
| 4 | 4 «А» сынып оқушысы: Қысаубай Аяулым ағасы: Азамат Қыстаубаевич | Сүлейменова Г.Ж |
| 5 | 4 «Ә» сынып оқушысы: Құдайберген Балауса, ағасы: Нұрбек Құдайбергенұлы | Болатбекова Ж.Ғ |

Жоғарыда айтылған кезеңдер бойынша әр жұп жоғарғы деңгейде өнерлерін көрсетті. Әділ-қазылар алқасы ортақ шешімге келіп, әрқайсысының көрсеткен өнерінің артықшылықтарына қарай номинациялар бекітілді. Қатысқан жұптарға бағалы сыйлықтар мен мақтау қағаздары табысталды.

Сайыс көрермендер тарапынан да, келген қонақтар тарапынан да жоғары дәрежеде бағаланды.







**Мектеп директоры :** **Б.У.Сарин**